ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Шымкент ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ЖШ"Dostyk School Shymkent"

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА Шымкент
ТОО
"Dostyk School Shymkent"

Шымкент қаласы, Солтүстік-Батыс мөлтек ауданы, 1864 учаскесі
e-mail:
dostyq.schoolshymkent@gmail.com

город Шымкент, мкр.Северо-Запад,уч.1864
e-mail:
dostyq.schoolshymkent@gmail.com

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

2025 жылғы 2 қыркүйек
Шымкент қаласы

№ 268
город Шымкент

«Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құру туралы»

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министірінің 2020 жылы 11мамырдағы №190 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамы төмендегі ретпен бекітілсін.
   1. Кеңес төрағасы Т.Абдраймов "Dostyk School» бас директоры (келісім бойынша)
   2. Кеңес төрағасының орынбасары К.К.Усенбаева
   3 .Кеңес мүшесі ҚӘО методисті А Сауырбаева (келісім бойынша)
   4. Кеңес мүшесі ардагер мұғалім С.Б.Токбурина
   5. Кеңес мүшесі математика пәнінің мұғалімі Н.Оспанова
   6. Кеңес мүшесі орыс тілі пәнінің мұғалімі С.А.Алжанова
   7. Кеңес мүшесі ардагер мұғалім С.Б.Абдибекова
   8. Кеңес мүшесі физика пәнінің мұғалімі А.А.Нурбаев
   9. Кеңес мүшесі ардагер мұғалім Н.А.Сазабаева
2. Хатшы А.К.Төрахмет тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
3. Комиссия жұмысының мерзімі «Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларының» ережелеріне сәйкес белгіленсін.
4. Әдеп кеңесінің мүшелеріне «Педагогикалық әдеп қағидалары» таныстырылсын
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын

Мектеп директоры И.Х.Хамидов

«Бекітемін»
Мектеп директоры:
_____ И.Х.Хамидов

ЖШС "Dostyk School Shymkent"
2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің

№	Іс-шара	Мерзімі	Жауапты
1	1. Педагогикалық этика және кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту. 2. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті	қыркүйек	Кеңес мүшесі қазақ тілі пәнінің мұғалімі С.Б.Абдибекова Кеңес мүшесі тарих пәнінің мұғалімі Ж.Н.Сазабаев
2	1. Жеке фотосуреттер мен бейнежазбаларды көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау . 2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика. 3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті .	қараша	Кеңес төрағасының орынбасары К.К.Усенбаева Кеңес мүшесі С.Б.Токбурина Кеңес мүшесі информатика пәнінің мұғалімі Б.З.Шунканова
3	1. Педагогтардың құқықтары . 2. Мұғалім-педагогтардың көпшілік ортададағы әдеп-этикалық нормалары. 3. Мектепте педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау.	қаңтар	Мектеп директоры: А.Б.Сексенов психолог: Әбдуқадыр Г.Ә. Кеңес мүшесі С.Б.Токбурина
4	1. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі. 2.Қазіргі кезде мұғалімнің кәсіби имиджі.	наурыз	Мектеп директоры: А.Б.Сексенов психолог: Әбдуқадыр Г.Ә. Кеңес мүшесі С.Б.Токбурина

ЖШС "Dostyk School Shymkent"мектебі

ХАТТАМА № 1

Қатысқандар: педагогикалық ұжым. 02.09.2025ж

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық этика және кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту.

2. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры И.Х.Хамидов сөз алып, өз сөзінде педагогикалық этика нормаларына сәйкес мектепішілік педагогикалық әдеп кеңесін құру жөнінде айтып өтті. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес –педагогикалық әдеп қағидаларының бұзылуын қарап, нәтижелері бойынша тиісті ұсынымдар енгізу, сондай-ақ бұзушылықтардың алдын алуға және профилактикасына бағытталған шараларды іске асыру үшін білім беру ұйымында құрылатын алқалы орган (Қазақстан Республикасының Педагог мәртебесі туралы Заңы) .Сондай-ақ, мектептегі педагогикалық этикалық кеңесі мүшелеріне төмендегі педагогикалық ұжым мүшелерін ұсынды:

1. Кеңес төрағасы Т.Абдраймов "Dostyk School» бас директоры (келісім бойынша)
2. Кеңес төрағасының орынбасары К.К.Усенбаева
3. Кеңес мүшесі ӘО әдіскері А.Қисабаева (келісім бойынша)
4. Кеңес мүшесі ардагер мұғалім С.Б.Токбурина
5. Кеңес мүшесі тарих пәнінің мұғалімі «Үздік педагог» Ж.Н.Сазабаев
6. Кеңес мүшесі қазақ тілі пәнінің мұғалімі С.Б.Абдибекова
7. Кеңес мүшесі информатика пәнінің мұғалімі Б.З.Шунканова

Хатшы А.К.Төрахмет тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Ұсынылған кеңес мүшелеріне өздерінің оң пікірін педагогикалық ұжым білдірді .

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша А.К.Төрахмет тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау жайлы тоқталып, мұғалімдерге сыртқы келбетіне сәйкес қоғам және оқушылар тарапынан көңіл бөлінетіндігін айта келе, мектеп ұжымының мектеп формасымен жүруін талап ету жайлы ұсынысын айтты.

Айтылған ұсынысқа сәйкес мектеп қыздар педагогикалық ұжымы мектеп формасын киюге келісім - ұсыныстарын берді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А.Т.Болатова сөз алды.

Өз сөзінде мұғалім азаматтардың педагогикалық этика және ережелерін қатаң сақтау талаптары қойылып жатқандығын айтты. Әлеуметтік желілерде мұғалім –педагогтардың сөйлеу эдебіне байланысты көптеген ұсыныстар мен пікірлер шығып жатқандығына тоқталды. Айтылған ұсыныстар мен пікірлерді мектеп педагогикалық ұжымы үнемі педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеттілігін тағы да айтып өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша отырыс қаулы етеді:

1.Мектепте педагогикалық әдеп кеңесі құрылсын және оның мүшелері төмендегідей болып бекітілсін:

1. Кеңес төрағасының орынбасары Т.Абдраймов "Dostyk School» бас директоры (келісім бойынша
2. Кеңес төрағасының орынбасары К.К.Усенбаева

3. Кеңес мүшесі ӘО әдіскері А.Қисабаева (келісім бойынша)
4. Кеңес мүшесі ардагер мұғалім С.Б.Токбурина
5. Кеңес мүшесі тарих пәнінің мұғалімі «Үздік педагог» Ж.Н.Сазабаев
6.Кеңес мүшесі қазақ тілі пәнінің мұғалімі С.Б.Абдибекова
7. Кеңес мүшесі информатика пәнінің мұғалімі Б.З.Шунканова

2.Мұғалімдердің сыртқы келбетін сақтауда мектеп формасын кию ұсынысы мақұлдансын.

3. Ұжым мүшелеріне педагогикалық этика нормаларымен ережелерін сақтау талап етілсін.

Отырыс төрағасы: Т.Абдраймов

Отырыс хатшысы: А.К.Төрахмет

ЖШС "Dostyk School Shymkent"мектебі

ХАТТАМА № 2

Қатысқандар: педагогикалық ұжым. 03.11.2025ж

Күн тәртібінде:

1. Жеке фотосуреттер мен бейнежазбаларды көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау .

2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика.

3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті .

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Б.Токбурина алып, өз сөзінде жеке фотосуреттер мен бейнежазбаларды көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау жөнінде айтып өтті.

педагог-мұғалімнің тарапынан кездесетін этикалық нормаларға сәйкес келмейтін жайттар болуы мүмкіндігіне тоқталды.Осындай жағдай кезінде мектеп ұжымы мен басшылық тарапынан атқарылатын жұмыстардың дұрыс жүргізілуі және мұғалімнің мәртебесін сақталуына көңіл бөлінуі қажет екендігі айтылды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша да мектеп директорының оқу бейін ісі жөніндегі орынбасары Ә.Қ.Шакен сөз алды. Сөз барысында баяндамашы педагогикалық тактикаға тоқталды. Педагогтың жұмыс барысында түрлі жағдайлар болатындығын және одан шығу жолдарын таба білуі бүгінгі күн педагогтарына қойылатын негізгі талаптардың бірі. Оқушымен және ата-анамен байланыс кезінде мұғалімнің өзін-өзі ұстау нормаларын сақтау міндеттерін айтты.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Н.Е.Халилулла педагогтардың әдебі және сөйлеу мәдениетіне тоқталды.

Көпшілік орындарда, сынып ата-аналар жиналысында және тәрбие сағаттарында мұғалімнің сөйлеу мәдениетіне ерекше көңіл бөлінетіндігін айтып өтті. Жүйелі сөйлей отырып, өз ойын және пікірін тыңдаушы көпшілікке жеткізе білуі тиіс.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша отырыс қаулы етеді:

1. Фотосуреттер мен бейнежазбаларды көпшілік алдында жариялау кезінде педагогикалық этика қатаң сақталынсын.

2. Мұғалімнің жұмыс барысында көпшілікпен байланыс кезінде педагогикалық тактиканы сақтау қатаң ескертілсін.

3. Сөйлеу мәдениетіне көңіл бөлу мұғалімнің күнделікті қағидасына айналсын.

Отырыс төрағасы: Т.Абдраймов

Отырыс хатшысы: А.К.Төрахмет

ЖШС "Dostyk School Shymkent"мектебі

Х А Т Т А М А № 3

Қатысқандар: педагогикалық ұжым. 05.01.2026ж

Күн тәртібінде:

1. Педагогтардың құқықтары .

2. Мұғалім-педагогтардың көпшілік ортададағы әдеп-этикалық нормалары.

3. Мектепте педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Б.Токбурина педагогтың кәсіби қызметтегі құқықтары жайлы айтты.Педагог мәртетебесі жайлы Қазақстан Республикасының заңнамасының 6-бабында көрсетілген құқықтарын үнем і басшылыққа алынып , жүзеге асыру көзделгенін анықтап отыратындығын айтып өтті. Педагогикалық әдеп нормалары бұзылған жағдайда

Педагогикалық әдеп қағидаларына сәйкес әділ және обьективті қызметтік тергеп –

тексеруге құқылы екендігін айтты.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша да мектеп педагог-психологы Г.Ә.Әбдукадыр

мұғалім-педагогтардың көпшілік ортададағы әдеп-этикалық нормалары жайында баян етті. Сөз барысында баяндамашы педагогтың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық

нормаларын сақтауға және орындауға міндеттілігі туралы тоқталды. Педагог –тиісті бейіндер бойынша педагогикалық және кәсіптік білімі бар,білім алушылар мен тәрбиеленугшілерді оқыту және тәрбиелеу, оның ішінде қосымша білім беруді ұйымдастыру және білім беру қызметін ұйымдастыру және әдістемелік қамтамасыз ету бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын , кәсіптік стандартқа біліктілік талаптарына сай келетін, педагогикалық әдеп нормаларын сақтап, қамтамасыз ететін тұлға екендігін атап өтті..

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектеп директоры А.Б.Сексенов сөз бастап, өз сөзінде мектепте педагогикалық әдеп кеңесі құрылып, өз жұмыстарын атқарып жатқандығын, педагогтардың құқықтарын сақтай отырып, белгіленген нормалар бойынша, ұжымда педагогикалық әдеп сақталынып отырғандығын айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша отырыс қаулы етеді:

1. Педагогтардың құқықтарының үнемі сақталуын және бұзылуына жол бермеу мектеп

педагогикалық әдеп кеңесінен сұралсын.

2. Мұғалім-педагогтардың көпшілік ортададағы әдеп-этикалық нормалары сақтау әрбір мұғалімнің міндеті болып табылсын.

3. Мектепте педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау жұмыстарын жүйелі жүргізу мектеп әкімшілігінен сұралсын.

Отырыс төрағасы: Т.Абдраймов

Отырыс хатшысы: А.К.Төрахмет

ЖШС "Dostyk School Shymkent"мектебі

Х А Т Т А М А № 3

Қатысқандар: педагогикалық ұжым. 20.03.2026ж

Күн тәртібінде:

1. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі.
2.Қазіргі кезде мұғалімнің кәсіби имиджі.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Б.Токбурина мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі жайлы айтты.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі - білім беру сапасын арттырудың негізі, ол мұғалімнің білім, білік дағдыларын және педагогикалық әдістерін тиімді қолдану қабілетін қамтидытындығын айтып өтті. Кәсіби құзыреттіліктің маңызы

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі білім беру жүйесінің сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады. Ол мұғалімнің оқыту процесінде тиімді әдістер мен тәсілдерді қолдана білуін, оқушылардың тұлға лық дамуына ықпал етуін қамтамасыз етеді. Кәсіби құзыреттілік мұғалімнің білім беру парадигмас ының өзгеруіне, жаңа ұлттық модельдің қалыптасуына және оқушылардың дүниетанымын дамыту ға бағытталған

екендігін айтты.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша да мектеп педагог-психологы Г.Ә.Әбдукадыр мұғалім-педагогтардың көпшілік ортададағы әдеп-этикалық нормалары жайында баян етті. Сөз барысында баяндамашы педагогтың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормаларын сақтауға және орындауға міндеттілігі туралы тоқталды. Педагог –тиісті бейіндер бойынша педагогикалық және кәсіптік білімі бар,білім алушылар мен тәрбиеленугшілерді оқыту және тәрбиелеу, оның ішінде қосымша білім беруді ұйымдастыру және білім беру қызметін ұйымдастыру және әдістемелік қамтамасыз ету бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын , кәсіптік стандартқа біліктілік талаптарына сай келетін, педагогикалық әдеп нормаларын сақтап, қамтамасыз ететін тұлға екендігін атап өтті..

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектеп директоры А.Б.Сексенов сөз бастап, өз сөзінде мектепте педагогикалық әдеп кеңесі құрылып, өз жұмыстарын атқарып жатқандығын, педагогтардың құқықтарын сақтай отырып, белгіленген нормалар бойынша, ұжымда педагогикалық әдеп сақталынып отырғандығын айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша отырыс қаулы етеді:

1. Педагогтардың құқықтарының үнемі сақталуын және бұзылуына жол бермеу мектеп педагогикалық әдеп кеңесінен сұралсын.
2. Мұғалім-педагогтардың көпшілік ортададағы әдеп-этикалық нормалары сақтау әрбір мұғалімнің міндеті болып табылсын.
3. Мектепте педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау жұмыстарын жүйелі жүргізу мектеп әкімшілігінен сұралсын.

Отырыс төрағасы: Т.Абдраймов

Отырыс хатшысы: А.К.Төрахмет